

Н.А. Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова, С.Б. Стамбулов

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: serstam@mail.ru)*

XX ғасырдың басындағы халықаралық жағдай және Алаш зиялылары

Мақалада XX ғасырдың басындағы дүние жүзіндегі болып жатқан ірі оқиғалардың бірі соғыс мәселесіне «Қазақ» газетінің бетінде Алаш зиялыларының ірі қайраткері Әлихан Бөкейханның бірнеше мақалаларына талдау жасалып, мақаланың тарихи маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар Әлихан Бөкейханның қазақ халқының саяси көзқарасына ықпал ететін әлемдік оқиғалардың тарихын баяндаудағы мақсаты Ұлы дала халқын осындай саясаттың түпкі мақсаты неге әкелетіндігін көрсетіп, өз халқының болашағын, яғни тәуелсіз ел болудың жолдарын, көрсеткендігі қарастырылды.

Кілт сөздер: қазақ зиялылары, халықаралық жағдай, Әлихан Бөкейхан, «Қазақ» газеті, Бірінші дүниежүзілік соғыс, халықаралық қатынастар.

XX ғ. басында Еуропа мен Азияда ірі саяси оқиғалар болып жатты. Ең үлкен мәселе Бірінші дүниежүзілік соғыс болды. Осы саяси күрестің шығу себептері мен стратегиялық мақсатын Азия мен Еуропаның ірі тарихи тұлғалары талқылап, өз елдерінің мақсат мүддесін қорғады. Бүкіл әлемде болып жатқан осындай ірі оқиғалар әсіресе жалпы халықтарға зиян келтіретін соғыс мәселесінен Ұлы даланың халқы да хабардар болсын деген оймен «Қазақ» газеті арқылы Әлихан Бөкейхан өз мақалаларында көп мағлұматтар берді. Солардың бірі XX ғасырдың басындағы Ресейдегі саяси жағдайлар, қарама-қайшылықтар Еуропа мемлекеттерінің арасында да болып жатқандығы туралы баяндалады. Бұл шын мәнісіндегі дүниежүзілік соғыс еді. Қолына қару алғандардың саны 73 млн жетіп: 47 млн Антанта үшін, 26 млн Үштік одақ үшін шайқасты. Антанта үшін 34 мемлекет соғысты. Бұл дүниежүзілік соғысқа айналып, 1,5 млрд адамды, яғни әлем халқының 70 пайызын, қамтиды [1; 204].

Бірінші дүниежүзілік соғыстың себебі еуропалық алып мемлекеттер, мүдделерінің қақтығысуы болды. Бірақ әрбір ірі державалардың билеуші топтары өз отарларын кеңейту мүмкіндіктерін мұқият ұстанды, сондықтан қақтығыстың ошағы Еуропа болды.

Тамыз айының аяғына қарай соғыстың аумағы ұлғая түсті. Жапония Германияға соғыс жариялады. Оның мақсатына Қиыр Шығыс пен Тынық мұхитында орналасқан Германияның отарларын басып алу кірді.

Қыркүйек айының басында Германияның стратегиялық, яғни, одақтастарды біртіндеп талқандау туралы жоспары айқындалды. Бұл ағылшын-француз-орыс келіссөздерінің барысын тездетті. Нәтижесінде 1914 ж. Германия және оның одақтастарымен оңаша бітімге келіспеу туралы Лондон декларациясына қол қойылды.

Австро-германдық блоктың жетекшілері Болгарияны Германия және Осман империясымен келісуге қолжеткізді. Ол үшін оған Сербияның, Грецияның, Румынияның, Түркияның біраз территориясын береміз деп уәде етті. Осылайша Төрттік Одақ, яғни құрамына Германия, Австро-Венгрия, Осман империясы және Болгария кірген әскери блок, пайда болды.

Германияның күштеуімен Осман империясы Антанта елдеріне қарсы соғысқа қатысты. Сондықтан Ресей Закавказьеде майдан құруға мәжбүр болды. Антанта жағында Осман империясына қарсы Египет соғысқа кірді.

1914 ж. қараша айында Лондондағы орыс елшісі өз үкіметіне британдық сыртқы істер министрі Э.Грейдің өтінішін тапсырды. Онда Германия талқандалған жағдайда Константинополь мен бұғаздардың тағдыры «Ресейдің қызығушылығына» қарай шешілу керек делінген. Ағылшындардың мұндай пікірін Франция қолдады. Нәтижесінде бұғаздарға байланысты құпия ағылшын-француз-орыс келіссөзіне қол қойылды. Онда Константинополь мен бұғаздарды Ресей империясының құрамына қосу керектігі қарастырылған.

Орыс үкіметінің пікірі бойынша, «болашақ әлемнің» жобасы мынадай болды: Германияның мызғымастығын талқандау; «ұлттық» принциптің негізінде территориялық өзгерістерге қолжеткізу; Ресейге Неманның төменгі ағысын және Шығыс Галлицияны; Польшаға Шығыс Познань, Силезия және Батыс Галлицияны қосу; Францияға Эльзас пен Лотарингияны және, оның қарастыруы

бойынша, пруссиялық Рейн провинциясының бір бөлігін қайтару; Бельгияның территориясын біршама ұлғайту; Данияға Шлезвиг-Гольштейнді қайтару; Ганновер Корольдығын қалпына келтіру; Австрия-Венгрияны Венгрияға, Австрияға және Чехияға бөлу; Сербияға Боснияны, Герцеговинаны, Далмацияны және Албанияның солтүстік бөлігін қосу; Англияға, Францияға, Жапонияға германдық отарларды беру; Германия мен Австро-Венгриядан контрибуция талап ету; бұғаздар Ресейге қарау керек, ал Константинополь ерікті қала болуы қажет. Осылайша Ресей өзінің басқыншылық мақсатын алға тартты, ал ол үшін одақтастардың оны қолдауы тиіс еді. Осындай шиеленіскен халықаралық жағдайлар Алаш зиялыларын қатты алаңдатты. Бұл мәселелерге кезінде М. Дулатов орыс-түрік соғысы жайлы, М. Жұмабаев түріктердің күресі үшін түрік бауырларына арнаған мақалалар мен өлеңдер жазған.

Алаш зиялыларының ұлы көсемі Әлихан Бөкейхан ХХ ғ. басындағы осындай Еуропадағы халықаралық жағдайға үнемі көңіл аударып отырған. Оның 1913 ж. «Қазақ» газетінің 23-ші санында жарық көрген «Керек сөз» деген мақаласында Болгария, Сербия, Греция арасындағы 1912 жылдың басында жасалған келісімшарт туралы айтылады. Бұл мемлекеттердің осылай бірігіп, қол ұстасып, тізе қосып, Одақ құрғанын басқа патшалықтарда қолдады деп жазады. «Жаңадан болған достар соғыс жабдығын әбден сайлап алып, көрші Түрік патшалығына жабылды», — дейді Әлихан Бөкейхан. Олар Македонияға, Албанияға автономия беруді сұрады. Әлихан Бөкейхан «Европа патшалары жұмысты закон бойынша қыламыз деп мақтанады. Законынан тысқары іс қылмайды-мыс. Көршінің жеріне әуес болса, бұл жерді тартып алмақ болса, өзі Европа патшаларының санатында болса, бетке бір жақсы перде ұстау керек емес пе?» [1; 204-206]. Яғни Әлихан Бөкейхан Европа мемлекетінің басқалардың жеріне басып кіруін сынайды. Одан әрі қарай Әлихан Бөкейхан осы мақаласында Сербияның, Грецияның түріктерге жасаған соғысының мақсатын: «Түріктер надан, қатыгез, сондықтан түрікті Европадан шығару керек», — деп айтады. Өздерінің түрік жерінде жүргізген озбырлығы туралы Болгария министрі Петку Тодорофтың хатынан үзінді келтіре отырып көрсетеді. Сонымен қатар Әлихан Бөкейханның «Балқан соғысы» деген мақаласында Балқан соғысының қалай басталғанын жалғастырып, түрік патшалығына 4 патшалықтың жабылған соғыс 1912 жылы 25 қыркүйекте болғандығын айта келе, 17 мамырда Биыл Лондонда бітім болғандығын жазады. Бұл соғыс Бірінші Балқан соғысы деп аталды дейді. Осы соғыстың барысында түрік патшалығының 164000 шаршы км жерден айырылғандығын жазады. Енді осы жерге 4 дос (Болгария, Сербия, Қаратау (*Черногория*. – Авт.) және Греция)) таласып, достың үшеуі бірігіп, енді Болгарияға жабылды. Бұл соғыс 16 маусымда Румыния астанасында бітімге келумен аяқталды. Бұны Екінші Балқан соғысы де атады. Екінші Балқан соғысына Румыния кірісті дей келе, Әлихан Бөкейхан Балқан соғысына қатысқан Түркия, Болгария, Румыния, Сербия патшалықтары туралы және адамдардың санын, ақшалардың шығынын көрсетеді. Екі Балқан соғысында да автор: қарапайым халықтың көп қырылғандығын, көп қаржылай шығынның кеткендігін айтты. ХХ ғ. басында Еуропада жерді қайта бөлісу үшін жүрген соғыстың нәтижесін осы екі Балқан соғысының мысалымен дәлелдей келе, ол былай дейді: «Европа патшалары біз мәдениетті елміз деп мақтанады». Ал, Әлихан Бөкейхан мақаласында Европаның мәдениеттілігі осы екі Балқан соғысынан көрінді деген пікірге келеді.

Әлихан Бөкейхан қазақ даласындағы өзгерістердің қалай жүріп жатқандығын ғана қарап, талдап қоймай, ол Еуропадағы жағдайды да талдап жазып отырған. Сондай мақаласының бірі «Тағы соғыс» деп аталады. Ол мақаласында Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Қазақ газетасы біреу-ақ саясат ісі не керек, тіршілікке пайдалы, үлгілі сөз жазу керек емес пе дейтін оқушылар бар. Бұл шала жансар раста...» Европа саясат ісіне: «Қазақта орын бермей болмайды. Біздің қазақ құлағы Европа саясат ісінен тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сараңдық қылмақшы. Европа ұлық патшалықтары екі одақ: бір жағы біздің Россия, Англия, һәм Франция. Бұларға ыңғайлысы Румыния. Екінші жағы Германия, Италия, һәм Австрия. Бұларға ыңғайлысы Болгария» [2; 209].

Әлихан Бөкейхан бұл мақаласында Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептерін, соғысқа түрткі болған оқиғалар жайлы жазады. Бұл соғыста автор: «Жалпы жұртқа ешбір пайда жоқ, нағылар алысар. Ал шаруасын бұзып, қанын төгетін халық болар», — дейді. Яғни, Әлихан Бөкейхан бұл соғыстың империалистік сипатын көрсетіп отыр. Әлихан Бөкейхан бұл соғысты «Европа соғысы» дейді. Еуропада соғысты шын сүймейтін қызметші дейді. Бұларды саясат тілінде «социалист» я «социал-демократ» дейді. Әрі қарай Әлихан Бөкейхан социал-демократистер партиясы Франция, Германия, Австрияда бар дегенді айтады. Франция социалистері соғыс болса, оны тоқтату керек дейді. Германия социал-демократтарының «Фервиртс» атты газеті арқылы социал-демократтарының бұл соғысты қолдамайтынын «Қазақ» газеті арқылы жеткізіп отыр. Сонымен қатар осы мақаласында

Россияның соғысқа кіретінін айтады. Ал, Россия соғысқа кіретін болса, Германияда бұл соғысқа кіреді дейді. Егерде Германия соғысқа кірсе, қай Одақ жеңсе, Европа мен Азия жері қайтадан бөліске түсетінін жазады. Осы мақаласының соңында Европада осындай саясат жүріп жатыр, ал қазақ елі осындай саясаттан хабарсыз болмайтынын түсіндіреді.

XX ғ. басындағы халықаралық жағдайға байланысты Әлихан Бөкейхан Балқан соғысынан басқа да Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы көптеген мақалаларын жазған. Сондай мақаласының бірі «Кекесін» деп аталады. Бұл мақалада Европа соғысы жалғыз әскердің соғысы болмай, тамам жұрттың соғысы болғандығын жазады. Европа мәдениеті дегеннің барлығы осы соғыста жоққа шығарылды. Германия 80 жыл бойғы Германия Бельгия жеріне кірмейді деген уағданы бұзады. Бұдан байқайтынымыз, Әлихан Бөкейхан Европада болып жатқан саясаттың, соғыстың негізгі мақсаты — жерді қайта бөлісу үшін екендігін дұрыс түсінген [3; 210].

Әлихан Бөкейхан халықаралық жағдайға үнемі көңіл бөліп отырған және оны төл халқына өзінің мақалаларын жариялау арқылы «Қазақ» газетінде беріп отырған.

1905 ж. жазында Қытайдың бірнеше буржуазияшыл-демократиялық және ұлтшыл ұйымдарының Сунь Ятсеннің басшылығымен бірігуі аса маңызды оқиға болды.

Сунь Ятсен «үш халықшылдық принципін» жариялайды:

1. «Ұлтшылдық» – жатжерлік маньчжур әулетін құлату.
2. «Халық билігі» – монархиялық құрылысты жойып, республика жариялау.
3. «Халықтың әл-ауқаты» – жерге құқықты теңгеру.

Осындай жағдайлар туралы Әлихан Бөкейхан жан-жақты біліп отырған. Қытайдағы саяси жағдайға байланысты монғолдар өздерінің болашағын анықтап алу жолындағы іс-әрекетке көшеді. Ол туралы Ә. Бөкейхан «Монғол халі» деген мақаласында «Балқан соғысынан соң газеталарда Монғол туралы жазыла бастады». 1911 жылы Қытайда маньчжурлер мен соғыс болғандығын айта келе, Қытайдан монғолдар бөлініп шығып, өз алдына патшалық құрғандығы туралы жазады. Сонымен қатар Монғолдың патшасы Кутухтаның Ресей патшасына елшілік жібергендігі, оны Петербургта қалай қабылданғандығы және Моңғолия мен Ресей арасында сауда келісімшарты жасалғандығы айтылады. Келесі «Монғол» деген мақаласында Қытайдан бөлініп шығып, Ресейден пана іздеп, сауда келісімшарт жасаған жағдайын жазады. Монғолдар былай дейді: Қытаймен арадағы жағдайды өзіміз шешеміз, бізге Ресейдің араласқанының қажеті жоқ деп кутухтаға сенімсіздік білдереді. Әлихан Бөкейхан Ресейдің Моңғолияның ішкі саясатына араласқандығын қара құсқа теңеп, мұның аяғы не болар екен дейді. Кезінде орыс-жапон соғысы кезінде Ресейдің Кореяға жасаған саясатын да айтып кетеді [4; 78-79]. Мақаласының соңында ол былай деді «осыларды көріп тұрып, Моңғолия жұрты бізге қарайма (*Ресейге*. – Авт.).

Жұрт жақсысы өз бауыры Қытайға ауған сияқты көрінеді дейді Әлихан Бөкейхан XX ғ. басындағы Европадағы, Азиядағы халықаралық жағдай туралы жақсы білген және ол жайлы «Қазақ» газеті арқылы қазақ оқырмандарына таратып отырған. Сондай мақалаларының бірі «Монғол Конституциясы» деп аталады, онда автор Моңғолиядағы орыс консулының көмегімен Конституцияның жасалуы туралы айта келіп, оның он екі тараудан тұратынын көрсете келе, монғолдар өз еркімен орыстардан да депутат болатындығын жазған. Осыны сынап келе, Әлихан Бөкейхан «Патшалық жұмысының бәрін зор монғол билесе, бұл зор монғол кәдімгі өзіміздің ояз ия крестьянский дәрежесінде болса, бұл монғол жұртының Конституциясы қайсы? Зор монғолдың патша болғаны қайсы? «Құдай қарғайын десе, ақылды алады» деген мақал кутухта (*үкімет басшысы*. – Авт.) еншісіне тиді, білемін». Яғни, Әлихан Бөкейханның пікірінше, Моңғолияның Конституциясы оларға еркіндік бере алмайды. Оның дәлелі 1914 ж. «Қазақ» газетінің 59-санында ол «Хутуқта хаты» атты мақаласын жариялады. Бұл мақаласында монғолдардың билеушісі — кутухта жапон патшасына хат жолдайды, оны Ресейдің «Речь» газеті басып шығарғандығын айта келе, монғолдар енді жапондықтардан өздерін Қытайдан қорғауды сұрағандығын жазады.

Сонымен қорыта келе, Әлихан Бөкейханның бұл мақалаларында монғолдардың жерін, елін қорғауы Жапонияның да Ресейдің де қолында емес, өздерінің ұлттық мүддесі екендігін көрсетіп, бәсекеге қабілетті болуға ұмтылмаған халыққа алып мемлекеттерінің арасында жеңіске жету жоқ деп ой қорытады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бөкейханов Ә. Таңдамалы / Ә. Бөкейханов. — Алматы: Қазақ энцикл., 1995. — 478 б.
- 2 Букейханов А.Н. Полное собрание сочинений / А.Н. Букейханов. — Т.3. — Астана: Сарыарка, 2009. — 405 б.
- 3 Субханбердина Ү. «Қазақ» газеті: Алаш азаматтарының рухына бағышталады / Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. — Алматы: Қазақ энцикл., 1998. — 568 б.
- 4 Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы / Н.А.Бейсенбекова, Г.М.Смагулова, Л.К.Шотбакова. — Қарағанды: Глаسير, 2016. — 196 б.

Н.А. Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова, С.Б. Стамбулов

Международное положение в начале XX века и Алашская интеллигенция

В статье дан анализ публикаций Алихана Букейхана в газете «Казак», посвященных рассмотрению основных мировых событий начала XX в., в том числе Первой мировой войны. Подробно освещено изучение влияния на формирование политического сознания казахского народа событий, происходивших в мире в исследуемой период. На основе изучения трудов Алихана Букейхана сделан подробный всесторонний анализ путей и средств достижения независимости казахским народом и возможности использования мирового опыта. Показана значимость научного и духовного наследия Алихана Букейхана, который одним из первых среди казахской национальной интеллигенции начала XX в. писал о необходимости создания независимого казахского государства.

Ключевые слова: казахская интеллигенция, международное положение, Алихан Букейхан, газета «Казак», Первая мировая война, международные отношения.

N.A. Beisenbekova, L.K. Shotbakova, S.B. Stambulov

The international situation in the early XXth century and the Alash intelligentsia

In this article analyzed the publications of Alikhan Bukeikhan in the newspaper «Kazakh» devoted to the consideration of the main world events of the beginning of the 20th century, including the First World War. Also, the authors dwell in detail on the impact on the formation of the political consciousness of the Kazakh people of events occurring in the world during the period under investigation. Based on the study of Alikhan Bukeikhan's works, a detailed, comprehensive analysis of ways and means of achieving independence by the Kazakh people and the possibility of using world experience is given. The article shows the significance of the scientific and spiritual heritage of Alikhan Bukeikhan, one of the first among the Kazakh national intelligentsia of the early 20th century, who wrote about the need to create an independent Kazakh state.

Keywords: Kazakh intelligentsia, international position, Alikhan Bukeikhan, «Kazakh» newspaper, World War I, international relations.

References

- 1 Bukeikhanov, A. (1995). *Tandamaly [Selected works]*. Almaty: Kazakh encyclopedias [in Kazakh].
- 2 Bukeikhanov, A.N. (2009). *Polnoe sobranie sochinenii [Full composition of writings]*. (Vol. 3). Astana: Saryarka [in Russian].
- 3 Subkhanberdina, U. & Dauytov, S. (1998). «*Kazak*» hazeti: *Alash azamattarynyn rukhyna bahyshtalady [«Kazakh» of the newspaper: is dedicated to the spirit of the Alash intelligentsia]*. Almaty: Kazakh encyclopediasy [in Kazakh].
- 4 Beisenbekova, N.A., Smagulova, G.M. & Shotbakova, L.K. (2016). *Alikhan Bukeikhan – ult maktanyshy [Alikhan Bukeikhan – The Pride of the Nation]*. Karaganda: Glasir [in Kazakh].